

ҚАЗАҚСТАН – РЕСЕЙ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ

СӨЖ

Тақырыбы: Медицинадағы психологиялық
күрделі жағдайлар және оларды ескерту

Орындаған: Сегізбаева Ү

Тобы: 203 а ЖМ

Тексерген:

Алматы 2013

Жоспары

- I. Кіріспе
- II. Негізгі бөлім
 1. Тиімді қатынасқа кедергі келтіретін жеке тұлғалық бөгеттер
 2. Көптеген симптомдар көрініс беретін науқастар
 3. Дәрігермен тиімді қарым қатынас орнатуға қиындық тудыратын науқастар

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер

Тиімді қатынасқа кедергі келтіретін жеке тұлғалық бөгеттер

Сұхбаттасу үстінде барлық науқастар дәрігерге қилы қиындықтар туғызады. Науқас тұлғасы түрлі кәсіби, материалдық, әлеуметтік, отбасы және өмір сүру жағдайына байланысты, психологиялық бөгеттерге, мәселелерге толы. Науқастардың әрқайсысы дерті, ауырсыну сезімі, дәрілік препараттарды қабылдауы туралы, дәрігерге түрлі сауал қойып отырады. Мысалы, жоғары әлеуметті статусқа ие науқастар “әлсіз”, “симулянтты” көрінуден қашқақтап, дәрігерге толығымен өзінің

Депрессивті нақастар

Депрессия дегеніміз – психологиялық тұрғыдан қарастырғанда, өмір сүру перспективасының жоғалуы болып табылады. Әлсіздік, шаршағыштық, саомақты жоғалту, белгісіз ауырсыну сезімі де депрессияның белгілеріне жатады. Қалыпты жағдайда болашақта армандау, жоспар құру өмірге мағына береді, бүгінгі күн сол мақсатқа жету үшін арналған тағы бір қадам болып септеледі.

Пресуицидальді жағдай

“Депрессивті тосқауыл” суицид (өзіне қол жұмсау) жөніндегі ойға әкелуі мүмкін. Пресуицидальді жағдайдағы науқастың бірінші белгісі – белсенділіктің күрт төмендеуі, әлеуметті көзқарастың жоғалуы, медициналық қызметкерлермен және науқастармен тіл табысуындағы қиындықтар. Пресуицидальді сипаттағы депрессия басқа жағдайларда да көрініс береді.

Уайымшыл науқастар

Мұндай науқастар үнемі болашақтағы мәселелерге, қиындықтарды шешуге ұмтыларда, көп уайымдайды. Олар дерттің асқынуларына, рецидив (қайталануы) беруіне, дәрілік заттардың жағымсыз әсерлеріне аса назар аударады. Науқас барлық жағдацларға күмәнмен қарап, сәл нәрсеге дәрігердің, медициналық қызметкерлердің қосымша зерттеуін сұрайды.

Үндемейтін науқастар

Тәжірибесі жоқ дәрігер әнгімені үнемі жалғастыру керек деп ойлап, науқас үнсіз қалып, сұхбат үзілгенде, өзін жайсыз сезінуі мүмкін. Науқастың үндемеуінің өзіндік мән мағынасы бар. Науқастар өзінің симптомдарын айту барысында қысқа уақытқа ғана үндемей қалады, себебі олар қандайда бір мәліметті айтпастан бұрын дәрігерге айту, айтпауын ойлап, ойын жинақтайды. Мұндай жағдайда дәрігердің сыпайылық танытқаны жөн.

Көп сөзді науқастар

Тым көп сөйлейтін науқастарда дәрігерге көптеген қиындықтар туғызады. Науқасты тыңдауға уақыттың жеткіліксіздігінен, не дәрігер оны “тыңдаудың қажеті жоқ” – деп санағанында, науқас дәрігердің көңіл-күйін бұзып, онда шыдамсыздық, қозу белгілерін туғызуы мүмкін. Осындай жағдайдан дәрігер сәтті шығып кету үшін, көптеген пайдалы әдістерді қолданады.

Көптеген симптомдар көрініс беретін науқастар

Кейбір жағдайларда науқас дәрігер атаған барлық симптомдарды растайды. Науқаста көптеген мүшелерде патологиялық үрдіс дамуы салдарынан, оның жағдайында ауыр өзгерістер тууын болжауға болады. Мұндай кезде, әрбір симптомды жекеше сралау дұрыс болмауы мүмкін. Сондықтан, бұл жерде, алдымен науқастың психосоциалдық статусын біртұтас анықтап алу қажет болады.

Интровертті науқастар

Интровертті науқастар- озінің психологиялық ішкі жан дүниесінде тұйық, дәрігермен еркін тіл табыса алмайды, диагностикаға қажетті мәліметтерді дәрігерден жасырады.

Патологиялық қорқыныштары бар науқастар

Қорқыныш ауруға, емге, медициналық орталықтарға байланысты науқаста туатын қалыпты жағдайдағы реакция. Кейбір науқастарда қорқыныш сезімі стрестік жағдайлар кезінде пайда болады.

Қорқыныш, аурудың дамуын асқындырып жіберуі мүмкін.

Сондықтан, дәрігер қорқыныштың деңгейіне аса назар аударғаны дұрыс.

Науқастын ашулануы мен жылауы

Науқастарды ашуға алып келетін себептер болуы мүмкін: денсаулығының нашарлауы, өмір сүру салтын өзгертуі, өзін көмексіз деп сезінуі. Науқас кейде, өз ашуын дәрігерге бағыттайды, мысалы, дәрігерге қабылдауға кешіккенде, қозғыш болған жағдайда. Егер дәрігер өзі кінәлі болса, өз қателігін тез жөндеуі керек.

Дәрігермен тиімді қарым қатынас орнатуға қиындық тудыратын науқастар

Жақсы қарым-қатынас орнатуға бейім емес науқастар. Дәрігерге келетін науқастардың кейбіреуі дәрігердің оған көмек беріп, емдейтініне сенбейді. Мұндай науқастар емдеу барысында дәрігермен жақсы қатынаста болуға дайын емес. Дәрігермен жақсы қатынас орнатқысы келмейтін науқасты анықтау қиындық тудырмайды, бірақ олардың кері, жағымсыз әсерінен арылу, айтарлықтай қиындық әкеледі

Емдеу барысына кедергі тудыратын науқастар

Жақсы қарым-қатынас орнатуға қиындық әкелетін науқастарға мына пациенттерді жатқызуға болады:

- ▣ әр нәрсені талап ететін, өздерінің қандай да болса талаптарын дәлелдей алғысы келетін, ол талаптарын орындатуға бар күшін салатын науқастар;
- ▣ медициналық көмекті қарқынды пайдалану талап ететін, дәрігерлердің жүйке жүйесіне қатты ісер ететін тқтөыр, шырмаулы науқастар;
- ▣ Үнемі дәрігер тағайындаған емін әсерсіз деп, дәрігерді көп мазалайтын, үнемі көңілі толмайтын науқастар;

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Абрамова Г.С., Юдчиц Ю.А. Психология в медицине. М. 1998
2. Оразбекова Г.А., Сексенали А. Н.
Дәрігердің коммуникативтік дағдылары